

Негізгі азық-түлік тауарларына және әлеуметтік маңызды қызметтерге бағаның өсуі мен тарифтерді ұстап тұру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2009 жылғы 13 наурыздағы N 38-ө
Өкімі

Негізгі азық-түлік тауарларына және әлеуметтік маңызды қызметтерге бағаның өсуі мен тарифтерді ұстап тұру мақсатында:

1. Мемлекеттік органдар және облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері мынадай шараларды қолдансын:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі: облыстар мен Астана және Алматы қалаларының әкімдіктерімен бірлесіп, мыналарды:

Дәрілік заттарды өндірушілермен, өнім берушілермен және бөлшек сату объектілерімен халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтары үшін бағаның өсуін ұстап тұру жөнінде меморандумдар жасасуды;

дәрілік заттарды өндіруге және оларды жеткізуге арналған тапсырыстарды отандық кәсіпорындарда орналастыруды;

Бірыңғай дистрибьютер арқылы отандық және шетелдік өндірушілерден дәрілік заттарды тікелей сатып алуды ұйымдастыру мәселесін зерделеуді қамтамасыз етсін;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жоғары оқу орындарындағы оқу құнын негізсіз арттыруға жол бермесін;

3) Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі: "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына мұнай өнімдерін сату нарығында делдал құрылымдарды болдырмау бөлігінде тиісті өзгерістерді Қазақстан Республикасының Үкіметіне және Парламентіне енгізуді жеделдетсін;

облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктерімен бірлесіп ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі және жанар-жағар май материалдарын өндірушілермен электр энергиясын және/немесе жылу энергиясын өндіру жөніндегі кәсіпорындармен тікелей келісім-шарттар жасасу жөнінде жәрдем көрсетсін;

4) Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі: облыстар мен Астана және Алматы қалаларының әкімдіктерімен бірлесіп отандық тауар өндірушілердің ішкі нарықты тауарлардың импортынан қорғау мәселелері бойынша заңнама туралы хабардар болуын арттыру жөнінде шаралар қабылдасын;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен, Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау агенттігімен және облыстар, Астана және Алматы қалаларының

әкімдіктерімен бірлесіп көтерме және шағын көтерме базарларында негізгі азық-түлік тауарларына баға белгілеуді бақылау мәселелерін пысықтасын;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы, Денсаулық сақтау министрліктерімен бірлесіп техникалық реттеу және тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілердің сақталуын бақылауды қатаңдатсын;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігімен және облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктерімен бірге қайта өңдеуші кәсіпорындар мен сауда желілерінің арасында өнім жеткізу жөніндегі консигнация шарттарын жасасу кезінде сауда үстеме ақыларын заңнамалық реттеу жөнінде ұсыныстар әзірлесін;

5) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі бұқаралық ақпарат құралдарында Қазақстан Республикасының Үкіметі, облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері аса маңызды тұтыну тауарларына бағаны тұрақтандыру және ішкі нарықты тауарлар импортынан қорғау жөнінде қабылданатын әрі іске асырылатын шараларды жария етуді қамтамасыз етсін;

6) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі нарыққа реттемелі ықпал ету үшін мемлекеттік резервтен тауар-материалдық құндылықтарды шығару мүмкіндігін қарасын;

7) Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігі: адал бәсекелестікті дамыту үшін жағдайлар жасау жөніндегі жұмысты жалғастырсын;

тауар нарықтарында болып жатқан процесстерге шұғыл ден қойсын және ондағы жағдайға болжам жасасын;

мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп "жасырын" монополияларды (тұлғалар топтарын) айқындау жөнінде шаралар қабылдасын;

қаржы нарықтарында бәсекелестікті қорғау және бәсекелестік ортаның жай-күйін зерделеу жөніндегі жұмысты жандандырсын;

ірі сауда желілерінің қызметтерді ұсыну нарығын азық-түлік тауарларын отандық өндірушілер мен өнім берушілерге қатысты негізсіз талаптарды белгілеу мәніне талдау жүргізсін;

8) Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі: монополиялы сатылатын тауарларға (қызметтерге) тарифтерді негізсіз арттырған мұнай өнімдері, газ, темір жол қызметтері, әуежайлар нарықтарындағы доминант-субъектілерге қатысты ден қою шараларын қабылдасын; табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызметтеріне тарифтердің негізсіз өсуіне жол бермеу жөнінде шаралар қабылдасын;

9) облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдері: аса маңызды тұтыну тауарларына бағаның өсуіне жол бермеуге бағытталған шараларды әзірлеуді және оның іске асырылуын жеке бақылауға алсын; он күн мерзімде негізгі өндіруші кәсіпорындармен, әлеуметтік-кәсіпкерлік

корпорациялармен, көтерме өнім берушілермен, бөлшек тауар сатушылармен негізгі тұтыну тауарларына, оның ішінде азық-түлік тауарларына, мұнай өнімдері мен дәрілік заттарға бағаны ұстап тұру жөніндегі шаралар туралы меморандумдар жасассын;

қалаларда және ауылдық елді мекендерде жеміс-көкөніс өнімдерін сату үшін қосымша коммуналдық базарлар мен сауда алаңдарын (алаңшаларын) ұйымдастыру ж ө н і н д е г і ;

шағын және орта бизнес субъектілеріне кредит беру жөніндегі бағдарламаны іске асыруға "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамынан (бұдан әрі - Қор) бөлінген қаражатты игеруге қайта өңдеу кәсіпорындарының қатысуы жөніндегі жұмысты жандандырсын және ай сайын 1-і күніне Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігін қайта өңдеу кәсіпорындарына кредит берудің ағымдағы ж а й - к ү й і туралы х а б а р д а р е т с і н ;

баға мониторингін жүзеге асыру, баға белгілеу процесстерін бақылау, бағаға сөз байласу және оны негізсіз арттыру фактілеріне жол бермеу жөніндегі жұмысты ж а н д а н д ы р с ы н ;

1 0) Қ о р :

Қор тобына кіретін заңды тұлғалардың қызметтеріне және өніміне баға белгілеуді р е т к е к е л т і р с і н ;

шағын және орта бизнес субъектілеріне кейіннен кредит беру үшін қаражатты орналастыру бойынша екінші деңгейдегі банктермен шарттар жасасу кезінде ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және тамақ өнімдерін өндіру жөніндегі кәсіпорындарға кредит беру үшін кемінде 30 % қаражат көздесін;

Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимылдар жоспарында қайта өңдеу саласының субъектілеріне кредит беруге көзделген қаражатты игеруді жеделдетсін.

2. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Ө.Е.Шөкеевке жүктелсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов